

## ЭТНОМӘДЕНИ ДҮНИЕТАНЫМДАҒЫ ТҰРМЫСТЫҚ ЛЕКСИКАНЫҢ МАҢЫЗЫ

**Бимұханова Назерке**

[B\\_naz\\_erke@mail.ru](mailto:B_naz_erke@mail.ru)

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті “Қазақ тілі мен әдебиеті” ББ  
магистранты

Ғылыми жетекші, PhD., доцент - **Кушкимбаева А.С.**

Қазіргі таңда тілдің негізгі қызметі тек қана коммуникативті функциямен шектелмейді. Ғалым Ә. Қайдар тілдің негізгі үш қызметі барын айтады. Оның біріншісі коммуникативтік қызмет; екіншісі эстетикалық қызмет, яғни көркем шығармалардағы сипаттау, бейнелеу ерекшелігі; үшіншісі кумулятивтік қызмет, ұрпақтан ұрпаққа таралатын, барлық сөз байлығының жиынтығы [1, 25]. Аталған тілдің үш түрлі қызметі ұлт болмысын, халық танымын зерттеудің басты шарты ретінде көрінеді. Осылайша әр тілде ұлттың тарихы, танымы, мәдениеті, даналығы сақталып, танылады.

Әр халыққа өзіндік тұрмыс-салты, өмір сүру салты, дәстүрлері, материалдық құндылықтары қалыптасқан. Этномәдени дүниетанымда материалдық мәдениет бөліктері тұрмыстың бөлшегі ғана емес, ұлттық руханияттың ажырамас бөлігі саналады. Ә. Қайдар көрсеткен тілдің үшінші қызметі тұрмыстық лексика түсінігін айқындай түседі.

Тұрмыстық лексика жайлы Ә. Хасенов халық өмірінің айнасы, күнделікті өмірде жиі қолданыс табатын сөздер деген пікірін білдіреді. Зерттеушінің пікірінше тұрмыстық лексика жалпылама лексикамен байланысып жатыр [2, 29]. “Тіл білімінің терминдер сөздігінде” тұрмыстық лексика күнделікті тұрмыс пен тіршілікте қолданылатын сөздер тобы екенін, ас, төсек, белбеу, шам деген сияқты қатарларда анықталатынын жеткізеді [3, 233].

Тұрмыстық лексика халықтың тұрмысымен, тіршілігімен тығыз байланысты. Тіл білімінде тұрмыстық лексика төрт түрлі топқа ажыратылады:

- Халық тұрмысына қатысты заттар атауы (киіз үй, киім-кешек);
- Шаруашылыққа қатысты атаулар (мал шаруашылығы, қолөнер шаруашылығы, ауыл шаруашылығы);
- Ұлттық тағам атаулары;
- Ғұрып, дін, дәстүр сынды лексикалық пластар.

Г. Сағидолла зерттеулерінде тұрмыстық лексика «Еңбек құралдарының атауы», «Ас үй және үй атаулары, керек-жарақтар», «Ат-әбзелдер атаулары» деп бөлінеді. Сонымен қатар зерттеуші лексикалық-семантикалық топтар мен лексиканың тақырыптық топтарын бөлек қарастырып, тұрмыстық лексиканың лексикалық-семантикалық топтарын анықтайды [4, 26].

Халық тұрмысына қатысты атаулардың бірі – киіз үй. Киіз үй жайлы тілдік бірліктер қатары мынадай: киіз үй, кигіз үй, алты қанат ақ орда, он екі қанат ақ орда, ағаш үй, абылайша, ақ отау, ақ шатыр, ақ сарай деп кездеседі. Үй атауына қатысты тілдік бірліктерді мағыналық ерекшеліктеріне сай: үй, отау, шатыр, сарай, орда, қос деп ажыратуға болады. Сонымен бірге киіз үйге қатысты қалыптасқан тілдік бірліктер: кереге, уық, туырлық, үзік, түндік, шаңырақ, күлдіреуіш. Киіз үйдің ішкі-сыртқы бөліктерін 1-кестеде анықталды.

1-кесте. Киіз үйдің бөліктері.

Киіз үйдің атаулары	Киіз үйдің ішкі атаулары	Киіз үйдің сыртқы атаулары	Киіз үйдің жиһаздары
Орда, қос, шатыр, отау, ағаш үй	Уық, шаңырақ, туырлық, күлдіреуіш	Түндік, кереге, таңғыш, шалма, басқұр, сықырлауық	Текемет, сырмақ, бөстек, шымылдық, түскиіз, дастархан, бесік, айна, құс

			төсек, жастық	мосы,
--	--	--	------------------	-------

Киіз үйінің сөзінің этимологиясы түркі тілінде қалыптасқан «йурт» сөзімен анықталады. Берілген сөздің этимологиясы қоныс, кеңістік мағыналарын береді. Тарихи деректерде археологиялық қазбаларды негізге ала отырып, Атасу, Бұғылы, андрон мәдениетіне тән мекендерінде киіз үйдің алғашқы моделі қалыптасқанын айтады. Киіз үйдің моделі әлем жайлы, кеңістік жайлы көзқарастардың жиынтығы саналады. Киіз үй кеңістік ретінде төрт түрлі құрылымнан тұрады: «төр», «есік», «оң жақ», «сол жақ» деп анықталады [5, 141]. Осылайша киіз үй көшпелі халық үшін қолайлы, ағаштан жасалатын, қысы-жазы тұрмыста қолдануға ыңғайлы тұрғын үй ретінде анықталады. Әр халықтың тұрмыста қолданған заттары рухани мәдениеттің, эстетикалық талғамның көрінісі деп саналады. Тұрмыста қолданатын ең қажетті заттар, әшекей-бұйымдар, киім-кешектер, үй-жиһаздары көшпелі өмір салтына лайықталып, жасалып отырды. Осы негізде тұрмыстық лексика қазақ халқының тұрмыста қолданған заттарының рухани, мәдени маңыздылығы айқындалады.

Киіз үйдің маңызды бөлігі саналатын «шаңырақ» халық танымында отбасы, отау мағыналарын білдіреді. Жаңа үйленген жастарға «шаңырақтарың биік болсын» деу арқылы бақытты, тату, бірлігі жарасқан отбасы болуды тілейді. Бір отбасы ұрыс-керіс алдында тұрып, дау-жанжал туындаса «шаңырағы шайқалды» немесе «шаңырағы ортасынан түсті» деп айтады. Бұл арқылы шаңырақ халық танымында отбасы болудың символы ретінде көрінеді. Киіз үйдің уықтарын күлдіреуіштерімен біріктіретін шеңбер тәріздес тұрмыстық зат шаңырақ аталады. Одан бөлек, шаңырақ этномәдени дүниетанымда орда, туып-өскен үйі, жанұя деп анықталады. Мәселен халық танымында үлкен маңызға ие «қара шаңырақ» түсінігі де жанұя, туып-өскен үй мағыналарын айқындай түседі. Шаңырақ бір жағынан сәулесін шашқан күн тәрізді. Бұдан халқымыздың табиғатты тану, өзін қоршаған кеңістікті терең түсінгенін айқындаймыз. Сонымен бірге шаңырақ отбасының бақытын, игілігін қорғаушы деп те танылады. Зұлым күштерден қорғап, сол отбасыны қорғау күшіне ие деп айқындалады.

Тұрмыстық лексика негізінде халықтың рухани құндылықтары анықталады. Халықтың әлемді тануы негізінде киіз үй қалыптастырды. Шаңырақ күннің шуақ шашқан сәулесі болса, ондағы басқұр, түндік, кереге, уық сынды бөліктері табиғаттың қызылды-жасылды түстерін, күнделікті өмірде қолайлы екендігін көрсетеді.

Материалдық мәдениетте тұрмыстық атаулар кең мағынада адам қолымен жасалған заттық нәрсе деп танылады; қоғамның, әлеуметтің талаптарын қамтамасыз етуге бағытталған; халықтың өмірін қолайлы болуына заттай қамтамасыз ететін материалдық заттар деп анықталады. Халқымыздың дүниетанымы, болмысы көшпелі өмір салтына байланысты қалыптасқан. Этнографиялық тұрғыдан материалдық мәдениет халықтың өмірінен, тұрмысынан ажырамайтын ұлттық құндылықтар жүйесі ретінде көрінеді.

Тұрмыстық лексикада киіз үй жайлы қалыптасқан негізгі ұғымдардың бірі – кереге. Ағаштан, оның ішінде қайыңды төр көздеп жасалады. Қазақтың дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігінде кереге төр көзді және жел көзді болып ажыратылады деп берілген [6, 134]. Киіз үйдің алты қанат, он екі қанат болуы керегесіне байланысты. Кереге бес, алты, жеті, сегіз қанаттан тұрады. Кейбір зерттеушілер кереге тал ағашынан жасалатынын айтады. Қалай болғанда да кереге таза, майысуға ыңғайлы ағаштардан жасалады. Шебер кереге ағашын мұқият таңдап, үлкен шеберлікпен жасайды. Керегенің екі түрге бөлінуі оны қолданатын адамдардың мәртебесіне, дәрежесіне байланысты. Тор көз кереге дәулетті, бақуатты адамдарға арналып жасалса, жел көзді кереге жеңіл ағаштан жұпыны жандарға жасалады. Тұрмыстық лексикада халықтың тұрмысына байланысты атаулар танылатындықтан халықтың мәртебесі, дәрежесі де маңызға ие. Киіз үйдің бір түрі ретінде анықталатын «абылайша» деп аталатын түрі соғыс кезінде батырларға ыңғайлы болуына сай қалыптасқан. Бұндай үйлерде кереге емес, екі үлкен ағашты айқастырып, үстің түндікпен жауып қояды. Жорықта жүрген батыр үшін алты қанат киіз үйге қарағанда

«абылайша» ыңғайлы. Бүгінгі таңда кереге үйдің қабырғалық бөлігі, қабырға ретінде анықталып жүр.

Уық – кереге мен шаңырақты байланыстыратын бір жағы иілген сырық ағаш. Киіз үйдің негізгі бөлшегі ретінде қабырғалық бөлікпен шаңырақты байланыстырады. Киіз үйдің қаңқасы ретінде байланыстыру қызметімен қатар, аспан күмбезін еске салады. Барлық түркі тілдерінде «уық» деп қолданылады да, тува халықтарында «ынаа» деп аталады.

Барша түркі халықтарына ортақ киіз үй атаулары көбіне ұқсас. Осы ретте киіз үй атауларының өзбек халқымен ұқсастығын 2-кестеден көреміз.

2-кесте. Киіз үй атауларының қазақ, өзбек халықтарындағы ұқсастықтары мен айырмашылықтары.

Қазақ	Өзбек
Киіз үй	Үй, отау, сүйек
Шаңырақ	Чаңғарақ, шаңрақ
Уық	Ууық
Кереге	Кереге, қанат, керега
Басқұр	Таңғыш
Желбау	Елбау
Белдеу	Белдов

Өзбек халқының танымында киіз үй негізгі баспана түсінігімен байланысты. Қазақ пен өзбек халықтарына, жалпы түркі тілдеріне ортақ атаулар екі халықтың тұрмысы, тіршілігі ұқсас болғанын көрсетеді.

Қорытындылайтын болсақ, тұрмыстық лексика халықтың күнделікті тұрмыстағы қолданған заттардың жай атаулары емес, рухани мәдениетте, дүниетанымдағы маңызының анықталуымен танылады. Бүгінгі таңда тіл біліміндегі тіл мен мәдениет тұтастығы негізінде тұрмыстық лексиканың зерттеудің маңыздылығы анықталады. Тұрмыстық лексика аясында киіз үй атауларын қарастыру арқылы қазақ халқының тұрмысындағы маңызын, өзбек халқының тіршілігімен байланысы көрінеді. Халықтың танымында киіз үй жайлы қалыптасқан пікірлер дүниетанымда маңызды саналады. Осы негізде тұрмыстық лексиканың өзектілігі айқындала түседі.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде. Этнолингвистикалық сөздік: 3-томның 1-томы / Ә. Қайдар. – Алматы, 2013. – 728 б.
2. Хасенов Ә. Тіл білімі – Алматы: Атамұра, 1998. – 364 б.
3. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің сөздігі. – Алматы. «Фирма «Орнак» ЖШС, 2012. – 388 бет.
4. Сагидолда Г., жылқыбай Г., Куттымуратова Ы. Тұрмыстық лексиканың этномәдени мазмұны (қазақ, қарақалпақ, қырғыз тілдері материалдары бойынша) //Вестник университета Ясави. – 2022. – Т. 3. – №. 125. – С. 20-36.
5. Примкулова Г. Ж. Қазіргі отандық зерттеулердегі дәстүрлі материалдық мәдениеттің этнографиялық аспектілері. *Türkoloji*, no. 79. Issue: 79, 119 - 129
6. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. – Алматы: "Сөздік-Словарь". 1997. – 368 б.